



ТУҒАН ЖЕРІҢДІ ТАНЫШ БІЛ!



«Қалмақ қырған». Киікті станциясынан оңтүстікке қарай 50 км шамасындағы Қаратайдың қараталы өзенінің бойындағы биік шоқы. Осы жерде 1771 жылы Еділ бойынан орыстардан сырғи қашқан Обашы бастаған қалмақтармен шешуші ұрыс болған. Абылай хан бастаған қазақ қолының ішінде Уақ батыр Баян, Көкжарлы найман Қаратай, Әділ Сұлтан, Нұралы хан бастаған қазақ жасақтарымен бірге Бесатаның Жидебай, Жарылғап, Сазанбай, Қара балталы Таңай, Балта, Сеңкібай, Байғозы, Баймамыр, Дербісалы, Тобықты Қараменде бастаған ер көңілді жігіттері де бар еді.

Қалмақ көшінің ауыр жолы туралы оларды қуған орыс офицерінің сол кезде шыққан «Записки капитана Рычкова» деген кітапта бар. Қалмақ көшінің соңына түссе де оларды қуып жете алмай, өздері азып тозған орыстың жасаулы жасағы өліп талып кері қайтқан.

Тарихқа «Шаңды жорық» деген атпен енген осы жағдай туралы аздаған деректі Ш.Уәлихановтың жазбаларынан көруге болады.